

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
НҰРА АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА ИМЕНИ
МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ НУРИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАКАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Б Ұ Й Р Ы Қ

01 қыркүйек 2023 жыл.

Нұра кенті

П Р И К А З

№160

поселок Нұра

«Мектепте оқушыларды
тамақтандыру жұмыстарын
ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай – ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 11 тамыздағы №411 бұйрығына сәйкес Нұра ауданының білім бөлімінің 2023 жылдың 31 тамыздағы № 377 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Әлеуметтік педагог маманы (Г.Е.Шорманова);

1. Мектеп бойынша тегін тамақпен қамтылған оқушылар тізімі бекітілсін (қосымша-1);
2. Жергілікті бюджет есебінен 2022 жылғы 4 қыркүйектен бастап 1-4 сынып оқушыларын, және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын;

3. Мектеп асханасында оқушыларды тамақтандыру кестесі бекітілсін (қосымша-2);
4. Білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, 2023 жылдың 16 тамызында бекітілген перспективті мәзір 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11 сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген бірыңғай мәзір пайдалансын (қосымша -3);
5. Оқушылардың ата-аналарына «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметінің стандарты және регламенті бойынша түсініктеме жұмыстары жүргізілсін;
6. Оқушыларды тамақтандыру жұмыстары «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық –эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ережесіне сәйкес ұйымдастырылсын;
7. 2022/23 оқу жылындағы оқушыларды ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін (қосымша-4);
8. 2022/23 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының құрамы бекітілсін (қосымша-5);
9. Тамақтануды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу комиссия бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларды тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізілсін;
10. Тамақтануды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы айына бір рет интернет-ресурсқа комиссияның жұмыс қорытындылары туралы ақпаратты орналастырсын.
11. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарының сапасының жүйелі мониторингін және тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты мектеп сайтында және Facebook парақшасында «Мектептік тамақтандыру» бойынша орналастыруды қамтамасыз етсін;
12. Оқушылар ішетін судың сапасын күнделікті тексеру және қадағалау жауапкершілігі мектеп директорының шаруашылық жұмыстары бойынша орынбасары Д.С.Бекбатырұлына жүктелсін;
13. Жоғарыда аталған оқушыларды және мектепке дейінгі шағын орталықтағы балаларды тамақтандыруын бақылау үшін жауапкершілік жүктелсін :
бірінші ауысымда – әлеуметтік педагог Г.Е.Шорманова;
екінші ауысымда – мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Пшенбаева Данагул Қордабаевна;
мектеп директорының бастауыш сыныптары бойынша оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Кусаинова;

шағын орталық бойынша - шағын орталықтың медбикесі Каржасова
Куланда Кайруллиновна;

II. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

 К.Д. Жанкуатова.

Бұйрықпен қол қою арқылы таныстым:

Д.С. Бекбатыров



01.09.2023ж.

Д.Қ. Пиенбаева



01.09.2023ж.

А.К. Кусаинова



01.09.2023ж.

Г.Е. Шорманова



01.09.2023ж.

К.К. Каржасова



01.09.2023ж.

Орындаушы: Г.Е. Шорманова.
22134